

Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы (2006 жылғы 1 сәуірдегі)

Сақтандыру сыйлықақылары


Ағымдағы жылдың үш айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2005 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемінен 36,6%-ке көп болып, 24 155,2¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.04.2005ж.	01.04.2006ж.		1.04.2006ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		Сомасы	үлесі %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	17 686,4	24 155,2	100,0	36,6
Міндетті сақтандыру	1 832,5	2 596,2	10,8	41,7
Ерікті жеке сақтандыру	1 426,0	2 251,4	9,3	57,9
Ерікті мүліктік сақтандыру	14 427,9	19 307,6	79,9	33,8

млн. теңге

Кестені қарағанда 2006 жылғы 1 сәуірдегі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 41,7%-ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 57,9%-ті, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 33,8%-ті құрады.



2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 64,6%-і (1 678,2 млн. теңге), қызметкердің

¹ сомасы Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегерергенде, көрсетіліп отыр

еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 22,8% (593,0 млн. теңге), тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 4,5% (116,4 млн. теңге), қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 3,9% (101,8 млн. теңге), экологиялық сақтандыру бойынша – 3,6% (92,2 млн. теңге) болды.

ерікті жеке сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 43,2% (972,0 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 25,0% (563,4 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 19,7% (443,3 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 7,9% (178,2 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандырудағы - сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 51,1%-і (9 857,3 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша – 21,2 (4 088,7 млн.теңге), басқа да қаржы шығындардан сақтандыру бойынша – 14,8% (2 864,2 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,4% (1 047,3 млн. теңге) болды.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.04.2005ж.		1.04.2006ж.		1.04.2006ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	Үлесі %	Сомасы	Үлесі %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	17 686,4	100	24 155,2	100,0	36,6
Өмірді сақтандыру	222,8	1,3	621,5	2,6	2,8 есе
Жалпы сақтандыру	17 463,6	98,7	23 533,7	97,4	34,8


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 621,5 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 2,8 есе көп. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақылардағы үлесі есепті күні 2005 жылғы 1 сәуірдегі 2,6%-ке қарсы 1,3% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2006 жылғы үш айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 23 533,7 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы осындай кезеңге қарағанда 34,8%-ке артық.

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"




Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"



ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің медициналық сақтандыру бойынша – 65,0%-ін (201,7 млн. теңге), жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру бойынша – 20,5%-і (63,6 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 5,5% (17,1 млн. теңге) төлемдер болды.

ерікті мүліктік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің басқа да қаржы шығындардан сақтандыру бойынша – 28,4%-і (407,1 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша – 21,1% (303,1 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 19,9% (286,0 млн. теңге) болды.



2006 жылғы үш айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 29,5%-і болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 38 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 3 - өмірді сақтандыру бойынша, 7 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 12 сақтандыру брокері, 30 актуарий және сақтандыру ұйымының аудитін жүргізуге лицензиясы бар 36 аудиторлық ұйым лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.04.2005ж.	01.04.2006ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	34	38
резидент еместердің қатысуымен	6	7
өмірді сақтандыру бойынша	2	3
Сақтандыру брокерлерінің саны	6	12
Актуарийлер саны	30	30
Сақтандыру ұйымында аудит жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны	34	36

Есепті күнге 31 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 42 157,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күнімен (01.04.2005ж. – 25 498,2 млн. теңге) салыстырғанда 65,3%-ке көп болды.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 1 сақтандыру ұйымы меншікті капитал жеткіліктілігінің пруденциалды нормативтерін орындамады.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.04.2005ж.		1.04.2006ж.		1.04.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
Жиынтық активтер	49 258,2	3,1	83 791,0	7,1	70,1
Міндеттемелер	17 969,4	16,3	31 365,2	16,3	74,5
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	12 048,9	55,4	24 091,3	44,7	99,9
Басқа да міндеттемелер	5 920,5	2,5	7 273,9	3,9	22,9
Меншікті капитал (баланс бойынша)	31 288,8	100,0	52 425,8	100,0	67,6

Есепті күнге резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық жарғылық капиталы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 3 310,3 млн.теңге немесе 8,9%-і болды, ал шетелдік капиталының үлесі төленген жарғылық капиталының жалпы сомасында 6,8% болды.

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы 1 сәуірде 83 791,0 млн. теңге бол

ды, бұл 2005 жылғы 1 сәуірдегі осындай көрсеткіштен 70,1%-ке көп, оның ішінде:

млн. теңге


Активтер	1.04.2005ж.		1.04.2006ж.		1.04.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
Ақша	1 522,2	3,1	5 931,2	7,1	в 3,9 раза
Орналастырылған салымдар	8 018,3	16,3	13 672,0	16,3	70,5
Бағалы қағаздар	27 284,7	55,4	37 485,3	44,7	37,4
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	5 373,0	10,9	7 898,8	9,4	47,0
Негізгі қаражат	1 958,6	4,0	2 101,3	2,5	7,3
Материалдық емес активтер	67,4	0,1	180,1	0,2	в 2,7 раза
Басқа дебиторлық берешек	1 220,7	2,5	3 251,2	3,9	в 2,7 раза
Басқа активтер	3 813,3	7,7	13 271,1	15,9	в 3,5 раза
Активтер жиынтығы	49 258,2	100,0	83 791,0	100,0	70,1

Жалпы алғанда, 2006 жылғы үш айында сақтандыру ұйымдарының активтерінің сомасы 14,2%-ке (10 444,6 млн. теңгеге) өсті.


млн. теңге

Инвестициялық портфель	1.01.2006ж.		1.04.2006ж.		1.01.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	21 077,1	38,2	22 816,6	37,4	8,3
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар Вклады в банках второго уровня	12 907,9	23,4	13 672,0	22,4	5,9
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	20 821,2	37,7	24 151,1	39,6	16,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	385,6	0,7	295,5	0,5	-23,4
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	-	-	15,3	0,03	-
Жиынтығы	55 191,8	100,0	60 950,5	100,0	10,4

Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.01.2006г. (%)



Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.04.2006г. (%)



2006 жылы үш айында сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 37,7%-тен 39,6%-ке дейін ұлғайды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 23,4%-тен 22,4%-ке дейін кеміді, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 38,2%-тен 37,4%-ке дейін кеміді.

Міндеттемелер. 2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 74,5%-ке өсе отырып, 31 365,2 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 24 091,3 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы 1 сәуірде қалыптасқан резервтер көлемінен 99,9%-ке артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 17 462,8 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.04.2005ж.	01.04.2006ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	7 300 ³	8 676 ⁴
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,24	0,28 ⁵
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен Отношение	0,43	0,60
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-те	0,68	0,97
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	1 179	1 610,3

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

3 2005 жылға баға

4 2006 жылға болжамды деректер

5 2006 жылғы қаңтар-ақпан аралығында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары